

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Ташкент қаласы

2019 жыл 04 қазан

KASE "Investor Day in KASE" іс-шарасын өткізді

04 қазанда Биржада "Investor Day in KASE" іс-шарасы аясында "Ring the Bell for Financial Literacy" сауда-саттықты жабу салтанаты мен 2019 жылғы жеке инвесторлар арасында конкурсты жабу салтанаты болып өтті.

"Ring the Bell for Financial Literacy" салтанаты IOSCO (International Organization of Securities Commissions) жахандық бастама аясында World Investor Week (Международная неделя инвесторов) деп аталатын Бүкілодақтық биржалар федерациясының бастамасы болып табылады. Проведение мероприятия "Ring the Bell for Financial Literacy" іс-шарасын өткізу қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру маңыздылығын көрсетуге және барша халық үшін қаржылық қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Сонымен қатар, "Investor Day in KASE" іс-шарасы аясында 2019 жылғы жеке инвесторлар арасында конкурсты жабу салтанаты өткізілді. Биржалық акциялармен сауда-саттықты түрлендіруге арналған Конкурс 2019 жылдың 01 қыркүйегінен 01 қазанына дейін өткізілді. Барлығы конкурсқа брокерлік ұйымдардың клиенттері - KASE мүшелері болып табылатын, 454 жеке инвестор қатысты.

Конкурс өткізу кезеңінде 2019 жылы оның қатысушыларымен 137 млн. теңге қаржыға 2 800 мәміле жасалды.

2019 жылы акциялар нарығында конкурстың шарты бойынша кірістіліктің қорытынды мәніне қол жеткізген конкурс жеңімпаздары:

- ГРАН-ПРИ – Ким Александр Ильич, Қостанай қаласынан, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (кірістілігі – 12,8%);
- I орын – Зарницын Максим Сергеевич, Алматы қаласынан, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (кірістілігі – 10,1%);
- II орын – Кайлыбаев Ақжол Ерболатович, Өскемен қаласынан, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (кірістілігі – 9,6%);
- III место – Кокорин Руслан Владимирович, Петропавловск қаласынан, "Казпочта" АҚ клиенті (кірістілігі – 8,1%);
- Ең белсенді инвестор – Перфилов Евгений Алексеевич, Өскемен қаласынан, "Фридом Финанс" АҚ клиенті (1 059 мәміле).

"Ең белсенді брокерлік ұйым" номинациясындағы жеңімпаз өз клиенттерінің көп санын конкурсқа қатысуға тартқан "Казпочта" АҚ брокерлік ұйымы болып табылады.

"Фридом Финанс" АҚ брокерлік компаниясы конкурстың серіктесі болды.

Конкурс шарттары аясында нақты сауда-саттық режимінде KASE Индексі өкілеттік тізімінің акциялармен сауда-саттық бойынша мәмілелері ескерілді. Сонымен қатар, әрбір конкурсқа қатысушыларға KASE сауда-саттық жүйесінде кем дегенде екі сатып алу-сату мәмілесін жасау қажет болды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.